Ф-ОБ-001/065

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің**
**№ 2 хаттамасы**

**Түркістан қаласы** **27.11.2023ж.**

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, доцент м.а. А.Джумадуллаева, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, докторант З.Сенгирбаева, Білімгер Ү.Абдуалиев, кафедра ОПҚ.

**Күн тәртібі:**

1.ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізу

**Тыңдалды.**

**АК төрағасы Қ.Базарбаев**: Қайырлы күн, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде қаралатын мәселе ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімдеу және оның қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету. Осыған сәйкес бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау қажеттілігін атап өтті. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. ББ-ны жақсарту және жетілдіру ұсыныстарыңызды ортаға салып талқыласақ.

**АК мүшесі Г.Примкулова:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталып өтсем, бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып 6В016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6В016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ, қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып, қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

Екінші мәселе бойынша ББ әзірлеу тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

**АК мүшесі М.Салғараев**: үшінші және төртінші мәселелер бойынша, бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі, БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан, осы мәселені ондағы пәндерді

біріктіру мәселесін ақылдасып, шешімін қарау керектігін айтып өтті. Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу үрдісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі; Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.

**АК төрағасы Қ.Базарбаев**: Құрметті АК мүшелері осы оқу жылында атқаратын маңызды жұмыстарымыз көп және ауқымды, сол себептен қойылған міндеттемелерді бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім**: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті және ББ әзірлеу тақырыбына байланысты семинар ұйымдастырылды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

**АК төрағасы:** **Қ.Базарбаев**

**Хатшы:** **А.Оспанова**